

Ә.Н. Ажарбекова*, Ш. Мажитаева, Ж.Д. Рапишева

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(e-mail: elvira-2210@mail.ru, s_mazhit@mail.ru)

Адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдердің бағалауыш мәні

Қазақ фразеологизмдері — ұлттық менталитетті, адамгершілік қасиеттерді, сана-сезімді, эмоцияны, мінез-құлықты сипаттауда актив қолданылатын тілдік бірлік. Қазіргі тіл білімінде фразеологизмдерді антропоцентристік бағытта зерттеу өзекті болып табылады. Мақалада фразеологиялық бірліктердің экспрессивтік және прагматикалық қызметі мен бағалауыш мәні, семантикалық өрісі, тематикалық топтары жөніндегі ғылыми пікірлер сараланып, адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдердің бағалауыш мәніне талдау жасалған. Авторлар адамның жеке қасиеттерін, мінез бітістерін, іс-әрекеттерін, бет-келбетін, дене бітімін бейнелеп, сипаттап, экспрессивті-эмоционалды тұрғыда бағалайтын сапалық-бағалауыш семантикасы бар фразеологизмдер екендігіне назар аудара отырып, тілдегі адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді оң, теріс және бейтарап бағалауыш мәніне қарай үш топқа топтастырған және оларды іштей семантикалық кіші топтарға жіктеген. Зерттеу нәтижесі бойынша қазақ тілінде адами қасиеттерді сипаттауда теріс бағалауыш мәнге қарағанда, оң бағалауыш мәнде жұмсалатын фразеологизмдердің санының артық, ал бейтарап бағалауыш мәндегі фразеологизмдердің аз екендігін анықтаған. Бейтарап бағалауыш мәнді фразеологизмдердің нақты оң не теріс бағалауыш мәні мәтін арқылы анықталатындығын дәлелдеген.

Кілт сөздер: фразеологизм, фразеосемантикалық өріс, семантикалық топ, тематикалық топ, оң, теріс және бейтарап бағалауыш мән, адами қасиет.

Kipicene

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында тіл білімі антропоцентристік бағыттағы ғылыми ізденістермен толыға бастады. Тіл мен адам арасындағы байланысты анықтау тілші ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Тілді адамның санасы, болмысы және рухани өмірлік әрекетімен тығыз байланыста зерттеу — қазақ тіл біліміндегі ең басты мәселелердің бірі. «Тіл білімінде қазақ ұлтының таным парасатын, ой-қиялмен жаңа ғасыр табалдырығында тұрған жас буын, келер ұрпақ алдында ұлттық мәдени ерекшеліктерін өзі жасаған тілі арқылы зерделеу — ең маңызды мәселе», — деген ғалым Г. Смағұлова [1; 5].

Тіл адамның рухани өмірімен, ойлау қабілетімен, санасымен тығыз байланысты. Тіл — ұлттың жаны. Ұлттың рухани болмысы, жан дүниесі, сана-сезімі, әдет-ғұрыпы, салт-дәстүрі, құндылықтары, менталитеті, танымы тілінде көрініс табады. Адамдар қарым-қатынас жасау барысында бір-бірінің рухани әлемін, ішкі жан дүниесі мен сезімін, бойындағы қасиеттерін, мінез-құлқын танып, біледі.

Адам баласына әртүрлі адами, тұлғалық, психикалық қасиеттер тән. Ол қасиеттер өмір жолында жас ерекшеліктеріне қарай қалыптасып, дамиды. Түрлі қасиеттердің қалыптасуына отбасындағы тәрбие мен сыртқы ортаның әсері зор. Психологияда нәрестелік шақтан бастап мінез қалыптаса бастайды деген түсінік бар. «Мінез — көп қасиеттің бірлігі, түрлі өзгешеліктердің қосындысы, сонымен қатар жеке адамды әр қырынан көрсететін қасиет» [2; 384] деген анықтамаға сүйенсек, адамның мінезінен бойындағы қасиеттері көрінеді. Ал ол қасиеттердің ішінде ген арқылы берілетін де, туа қалыптасатын да, жүре қалыптасатын да түрлері бар. Адами қасиеттер әлеуметтік ортада адамның өзін-өзі ұстауынан, қимыл-әрекетінен, сөйлеген сөзінен көрінеді. Адам сол жеке басына тән қасиеттерімен өзгелерден дараланып тұрады. Әрекеттеріне қарап, біз адамға іштей баға береміз. Белгілі бір істе біреудің тиянақтылығын жоғары бағаласақ, біреудің алғырлығын бағалаймыз. Тілде айтушының, тыңдаушының мұндай қасиеттерді бағалап, сипаттап жеткізуі лексикалық қордағы оң және теріс бағалауыш мәнде жұмсалатын, көбінесе экспрессивті сипат алатын сөздер мен тұрақты тіркестердің үлесіне тең.

Әлемде адамға, оның рухани өміріне, адамгершілік құндылықтар жүйесіне деген қызығушылықтың артуы адамның моральдық-этикалық әлеуетін, мәдениеттегі және тілдегі адам

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: elvira-2210@mail.ru

феноменін терең зерттеуді басты міндет ретінде алға тартты. Сонымен қатар, жеке тұлғаның адами қасиеттерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктер қазақ тіл білімінде сипаттама түрде де, салыстырмалы түрде де түбегейлі зерттелмеді. Сондықтан әлемнің тілдік бейнесі туралы зерттеулер жанданды.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Фразеологияны зерттеу әлемнің тілдік бейнесі идеясымен тығыз байланысты. Фразеосемантикалық өріс әлемнің тілдік бейнесінің бөлігі ретінде соңғы жылдары көптеген зерттеушілердің назарын аударды. Фразеологиялық өрісті құрылымдау негізінде фразеологияны зерттеуді көптеген ғалымдар (З.Д. Попова, И.А. Стернин, Н.Ф. Алефиренко, Е.И. Зиновьев және т.б.) ең танымал әдістердің бірі ретінде ұсынады. Фразеологияны мұндай зерттеудің лингвистика үшін маңызы зор, өйткені ол фразеологиялық бірліктердің тілдік табиғатын тереңірек білуге, өрістегі парадигматикалық қатынастарды анықтауға, әлемнің фразеологиялық бейнесін құруға ықпал етеді. Себебі, тіл — ұлт мәдениетінің қазынасы, ал фразеологизмдер — семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттың менталдық ерекшелігін, халықтың салт-дәстүрін айқын аңғаруға болатын тілдік бірлік.

Қазақ тілінің фразеология саласының жан-жақты зерттелуіне қарамастан, фразеологизмдердің мән-мағыналары, фразеологиялық бірліктердің тілдік мәні, жіктелуі және белгілері мен қызметтері туралы сұрақтар бүгінде даулы болып қала береді. Фразеология мәселелерінің ішінде фразеологизмдердің семантикалық өрісі мен бағалауыш мәнін анықтау шешімін таппаған мәселе. Дәл осы себептен аталған тіл саласын зерттеу өзекті болып табылады.

Тұрақты тіркестермен, фразеологизмдермен, идиомалармен, мақал-мәтелдермен, яғни халық даналығы тікелей шоғырланған тіл қабатымен ұлтқа тән қасиеттер бағаланады. Зерттеудің негізгі мақсаты — адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдердің бағалауыш мәнін талдау және семантикалық топтарға жіктеу.

Зерттеу барысында фразеологизмдердің мағыналарын анықтау үшін фразеологиялық сөздік басшылыққа алынып, сипаттама әдісі, семантикалық, контекстік талдау әдістері қолданылды. Талдау жұмысында 192 фразеологизм мен олардың синонимдері, варианттары қолданылды.

Фразеологизмдер — адамның ойлау жүйесінің тілдегі ең көрнекті көрінісі, тілдің ең жарқын, мәдени маңызды құрамдас бөлігі, тілдің ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге оны қолданушы халықтың дүниетанымын, ақыл-ойы мен менталитетін де тұжырымдай алады.

Ғалым Ғ. Әнестің: «Мәдени-тілдік ұжымның (халықтың, ұлттың, этностың) байырғы дүниетанымы, дүниетүйсігі, салт-дәстүрі жеке сөздерге қарағанда фразеологизмдерде молырақ қордаланған. Сондықтан фразеологизмдердің этномәдениеттің қоймасы, этномәдениетті сақтаушы және бүгінгі заманға жеткізуші (трансляциялаушы) қызметтері көрер көзге ұрып тұрады. Халықтың байырғы күнтізбе жүйесі, уақыт пен кеңістік өлшемдері, халық астрономиясы, халықтық юриспруденциясы, дәстүрлі мәдениет институттары т.б. қатысты ұғымдар, тірлікте болмағанмен тілде сақталған мифологиялық, этнографиялық көнеліктер көбіне фразеологиялық тіркестер құрамында кездеседі» [3; 10] деген пікірінен фразеологизмдердің басқа тілдік бірліктерден ерекшелігін аңғауға болады.

Фразеологизмдер қазақ лексикасының ең өнімді бай қабатын құрайды. Олар басқа тілдік бірліктерден «мағына тұтастығы», «тіркес тиянақтылығы», образдылығы мен экспрессивтілігі жағынан ерекшеленетін, көркем әдебиет тілінің қажеттілігін өтеуде халықтың эстетикалық талғамын танытатын ең күшті тілдік құралдардың бірі болып есептеледі. Тілдің әдебиеттік сипаттарының бірін, әдеби тілдің даму кезеңдерінің көркемдік ерекшеліктерінің бірін фразеологизмдер танытады. Фразеологизмдер көркем шығармада образ жасауда, кейіпкерге мінездеме беруде, белгілі бір оқиғаны қорытындылауда, т.б. жұмсалады. Олар — тілдің сөздік қорының айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті-эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Тілімізде фразеологизмдер мәтіндегі астарлы ойды түйіндеп жеткізетін және стильдік қызметі мен экспрессивті-эмоционалды мәні де ерекше көрініп тұратын тіркестер болып табылады.

Қазақ тілі фразеологиясының өрістеп дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдар қатарында І. Кеңесбаев, Ә. Болғанбаев, Т. Сайрамбаев, А. Ысқақов, Ғ. Қалиев, Ә. Қайдаров, Н. Уәлиев, Ғ. Смағұлова, Р.А. Авақова, Б. Қасым, Ғ. Қосымова, А. Байтелиев сынды есімдерді атауға болады. Олар фразеологизмдердің табиғатын зерттеп, олардың тілдік бірліктерден айырмашылығын

айқындап, қолданылу ерекшеліктерін талдап, стильдік, эмоционалды-экспрессивтік мәні турасында ғылыми тұжырымдар жасаған.

Тұрақты сөз тіркестерінің эмоционалды мән беруі туралы ғалым Ө. Айтбаев: «Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Кейбір жеке сөздердегі тәрізді, тұрақты сөз тіркестерінде де эмоционалды-экспрессивтік бояу мол. Көбіне осы өзгешелік басым. Яғни фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады. Экспрессивтік-эмоционалды бояуы бұрыннан бойында бар фразеологиялық единицалар көркем қолданылып, сөйлеушінің адамзат, құбылыс турасындағы өз көзқарасын мәлім етеді. Экспрессивті тұрақты тіркестер сезімге айрықша әсер етеді» [4; 23], — деп жазады.

Фразеологизмдер көркем әдебиетте эмоционалды-экспрессивті әрі прагматикалық қызмет атқарады. Профессор Г.С. Қосымова: «Поэтикалық тіркестерде адамның түр-тұрпатын, ішкі дүниесін, затты, құбылысты ерекше түрлендіріп, жұтындырып, құлпыртып бейнелейтін бөлекше қуат-нәр болады», — дей отырып, поэтикалық фразеологизмдер эпитеттерден, метафоралық тіркестерден, теңеулерден жасалатынын айтады және мұндай фразеологизмдер көріктеуші бейнелі тәсіл, көркемдік нәр беру, эмоциялық уыттылық таныту үшін алынатыны, олардың әрқайсысының астарында жасырын қосымша мағына және прагматикалық бағдар жататынын тұжырымдайды [5; 30].

Қазіргі тіл білімінде фразеологизмдерді антропоцентристік бағытта зерттеу өзекті болып отыр. Ол турасында Н.Ф. Алефиренко: «Фразеологизмдерде «этнотілдік сананы білдірудің» өзекті құралы ретінде анық көрінетін антропоцентристік бағыт байқалады, себебі фразеологизмдер арқылы тіл адамдар арасындағы қарым-қатынасты және адамның әртүрлі шындыққа қатынасын сипаттайды, бағалайды, экспрессивті түрде көрсетеді» [6; 148] деген пікір білдіреді.

Адамның жеке қасиеттерін, мінез бітістерін, іс-әрекеттерін, бет-келбетін, дене бітімін бейнелеп, сипаттап, экспрессивті-эмоционалды тұрғыда бағалайтын фразеологизмдердің бірі — сапалық-бағалаушы семантикасы бар фразеологизмдер. Орыс және түркі тіл білімінде «адамның сапалық және бағалаушы сипаттамасы» фразеосемантикалық өрісіне арналған бірнеше зерттеу еңбектері бар. Н.Л. Гоголицына, Ю.П. Солодуб, Е.Ф. Арсентьева, А.Э. Чумакаев, Д.Б. Байсултанов, Э.В. Эрдниева, Л.К. Байрамова, Ф.С. Сафиуллина, П.С. Эстебесовалардың еңбектерін атауға болады.

Д.Б. Байсултанов қазіргі шешен тіліндегі адамның интеллектуалдық қасиеттерін білдіретін фразеологизмдердің семантикалық микроөрісін қарастыра келе, оларды бірнеше фразеосемантикалық топтарға топтастырған [7; 149].

П.С. Эстебесова қырғыз және түрік тілдеріндегі адамның сыртқы келбетін сипаттайтын фразеологизмдерді салыстырмалы түрде қарастыра келе, оларды бірнеше семантикалық топтарға жіктейді. Ғалым адамның сыртқы келбетін сипаттайтын фразеологизмдерден адамның ішкі күйін, мінезін, қасиетін түсінуге болады деген қорытындыға келеді [8; 66].

Э.В. Эрдниева орыс, ағылшын, қалмақ тілдеріндегі адамның моральдық қасиеттерін білдіретін фразеологизмдерді салғастырмалы түрде қарастыра келе: «Проведенный анализ показал, что большая часть фразеологизмов, выражающих моральные качества человека, имеет сравнение с животными, птицами, их повадками. Образы животных во многих языках широко используются для полной и выразительной характеристики человека. Наиболее частотные образы животных и птиц приобретают ярко выраженное значение и становятся символами (в русском языке: заяц трусливый, лиса хитрая, баран глупый, сова мудрая). Носители разных языков могут по-разному воспринимать образ того или иного животного. Обычно это связано с поверьями, представлениями народа, суевериями», деп, адам қасиеттерін білдіретін фразеологизмдерде ұлттық-мәдени ерекшеліктің бар екендігін, олар арқылы халықтың менталитеті мен рухани мәдениеті көрінеді деген қорытынды жасайды [9; 80].

И.А. Волошкина француз тілі материалдары негізінде «адамның мінез-құлқы» фразеосемантикалық өрісін қарастыра келе, зерттеу нәтижесінде «адамның мінез-құлқы» фразеологиялық өрісін модельдеуге негіз болған характерологиялық фразеологияның үлкен қабатын анықтап, «Фразеосемантикалық өріс — француз тілінің лексика және фразеология саласымен тығыз байланысты динамикалық, дамушы жүйе. Өріс мазмұнын комплексті талдау француз ФБ-нің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көріну механизмін байқауға, олардың пайда болу көздерін ашуға, олардың негізін құрайтын ассоциациялары мен образдарды анықтауға, фразеологизмдердің дискурсивті-когнитивті сипаттамаларын анықтауға, ФБ-нің семантикалық, стилистикалық және грамматикалық қасиеттерінің өзара әрекеттесуін сипаттауға, құрылымдық өріс шеңберіндегі олардың семантикалық

катынастарын және олардың әлемнің тілдік бейнесіне әсерін анықтауға мүмкіндік берді» [10; 6] деген қорытынды жасайды.

Ә. Қайдар қазақ тілінің сөз байлығын құрайтын фразеологизмдердің басым бөлігін адамға және оның ерекшеліктеріне қатысты фразеологизмдер алатындығын айтады. Ғалым: «Человек, находящийся в центре всех явлений и жизни на земле, немало усилий прилагает и к познанию собственной персоны, оценке своих поступков, индивидуальных особенностей и т.д. Результаты этой познавательной и характерологической деятельности человека и общества получили отражение в большом количестве ФЕ. Этот класс в научной литературе рассматривается в нескольких подгруппах, составляющих своего рода микросистему внутри данного класса» дей келе, адамды сипаттайтын фразеологизмдерді: 1) мінез сапалары мен сипатын білдіретін; 2) сыртқы бейнесін сипаттайтын фразеологизмдер деп топтастырады. Бірінші топқа адалдық, шыншылдық, сенімділік, тәуекелшілдік, қырсықтық, жауапкершілік, қарапайымдылық, жалқаулық, сөзшеңдік, мылжындық сынды қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді топтастырса, екінші топқа адамның бет әлпеті мен сырт бейнесіне қатысты фразеологизмдерді жатқызады [11; 380].

Нәтижелер мен олардың талқылануы

«Тілде адамға қатысты фразеологизмдерді бірнеше тақырыптық топтарға бөлуге болады. Адамның мінез-құлқын, сырт бейнесі мен ішкі дүниесін, қадір-қасиетін, қимыл-қозғалысын сипаттауда фразеологизмдердің маңызы зор. Адами қасиеттерді, мәселен адалдық-арамдық, қарапайымдылық-тәкаппарлық, сабырлылық-сабырсыздық, кішіпейілдік, ақылдылық-ақымақтық, сыпайылық-дөрекілік, намысқойлық-намыссыздық, жомарттық-сараңдық, қызғаншақтық, мақтаншықтық т.б. жағымды-жағымсыз қасиеттерді сипаттауда тілде алуан түрлі фразеологизмдер қолданылады» [12; 21].

Адамның қасиеттерін сипаттауда фразеологизмдер сапалық-бағалауыш мәнге ие. Тілдегі адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеу барысында, олардың бағалауыш мәніне қарай үш топқа жіктедік:

1. Адамның жағымсыз қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер. Бұл топқа теріс бағалауыш мәнге ие фразеологизмдер кіреді. Фразеологизмдерді кіші фразеосемантикалық топтарға жіктеу, олардың фразеологиялық сөздікте берілген мән-мағыналары негізінде жүзеге асырылды: 1) мақтаншақтық (*бос кеуде, мақтанның құлы, тонына сыймайды*); 2) қанағатсыздық (*дүниеге көзі тоймаған / дүниеге тоймаған*); 3) сабырсыздық (*тақат таба алмау*); 4) қорқақтық (*қоян жүрек/су жүрек*); 5) қулық, айлакерлік, зымияндық (*алтыс екі [алтыс алты] айлалы, әккі [кәнігі] жсау, басқан ізіне шөп шықпайды, бит ішіне қан құяды, жылан жүрісті, қырқылжың тұлкідей, тақыр жерден шөп шығарған*); 6) топастық, ақымақтық, ессіздік (*көк ми [көк мильық], қасаң ми, қас [қаса] надан, қу бас*); 7) надандық (*көр [көн] кеуде / көкірегі бітеу [саңырау] / көр көкірек, ойсыз құлақ*); 8) сыр сақтай алмайтын адам, сөзшеңдік (*аузы ашық, аузың желдей еседі, көк малта, қу таңдай*); 9) мылжындық (*қызыл [көбік] ауыз [езу]*); 10) сараңдық (*бейілі арам [тар, қара], деген сараң бай, қатты кісі, қу бастан қуырдақ ет алды, сүйек бермес, сынық ине, сыдырым таспа бермейді, шық бермес Шығайбай / шық татырмас, тас болу*); 11) жалқаулық (*бұрау [бұта, шөп] басын да сындырмайды, көк [кер] жалқау, құр нан соғар*); 12) өтірікші, тиянақсыз (*екі сөзді кісі, су жұқпас / қара судан қаймақ алады, су құйды өтірікші*); 12) мейірімсіздік, қатыгездік (*жүрегі қара, көн көңілді, Қара байдай қаныпезер [сараң], қара жүрек, тас бауыр [бүйрек], тас жүрек, тас көңіл [мейір]*); 13) зорлықшылдық, озбырлық (*қанды балақ*); 14) зұлымдық *тұзақ үзген / тұзақ үзген ала аяқ*); 15) тәкаппарлық, менмендік (*зор кеуде [көкірек], кеудесі жоғары, көңілі көкте, басы жерде, менмен кеуде, паң кісі, үзеңгі бауы алты қабат екен, хан көкірек адам*); 16) салақтық, олақтық (*кең балақ, жалпы етек, қазанына қаспақ қатқан / қазанының қаспағы бес елі, майлы қолтық, салпы етек*); 17) қырсықтық (*кер табан, сиыр тектес, теріс азу, тоңмойын, іштен қара [қыңыр] туған*); 18) ашушандық (*кірпігінен қырау тамған, қаңтардағы бурадай, тауаны тар, терісі тар*); 19) тентектік, бұзықтық (*қазанбұзар қырыс / қазанбұзар, үй тентек*); 20) арамдық (*қан-жыны араласқан, қаны бұзық [қара], қара көңіл, қу бастан қуырдақ ет алды, пейілі [бейілі] бұзық [жаман], іші арам*); 21) ұрысқақтық, бетпақтық (*қас жүзі қара, мінезі шайпау [шәлкес]*); 22) ашкөздік (*қызыл көрген құзғындай [қарғадай, бүркіттей]*); 23) пәлеқорлық, даукестік (*пәлеқор [жанжал] көз [-ді]*); 24) қызғаншақтық (*пейілі [бейілі] тар [тарылды], тұз арамы, ішіне қыл [шынашақ] айналмайды, іші жарыла жаздады, іші тар*); 25) сылбырлық (*су мұрын*);

2. Адамның жағымды қасиеттерін білдіретін фразеологизмдер. Бұл топқа оң бағалауыш мәнге ие фразеологизмдер кіреді: 1) сыпайылық, кішіпейілдік (*бетегеден биік, жусаннан аласа / бетегеден аласа, қойдан жуас, екі қолын қусырды, жүзі [өңі] сынық, сынық жан [кісі]*); 2) өжеттік (*бет жүзіне қарамай / бет-жүзі бар демеді / бет жүзің демеді, бетің бар, жүзің бар демеді/бет-жүзің бар демеді, бөрі бет батылды, арыстан жүректі, жүрегінде [көкірегінде] оты бар, от жүрек*); 3) алғырлық (*жібек баулы қырандай, көзінен оты жанған / көзінің оты бар, көңіл (-і) жүйрік, қауға тиген өрттей*); 4) әділдік (*Наушаруандай әділ, қара қылды қақ жарған / қара қылды қырыққа бөлген*); 5) шыншылдық (*тура тілді*); 6) инабаттылық, ұяңдық, ибалылық (*бетінен иманы (ұяты) тамған, иманы бетінде үзіліп тұр, иман жүзді, иман (-ы) бар [жоқ], иманды адам [кісі], пердесі жыртылмаған*); 7) шеберлік (*бит қабығынан биялай тоқыған*); 8) әдептілік (*адал сүт емген, мінезі майдай [сынық, текті], тойған қозыдай*); 9) тазалық (*көкірегі таза*); 10) шыдамдылық (*ақпан соқса өлмейтін, тоқпан соқса өлмейтін; дәті берік*); 11) мықтылық, күштілік (*аланаты асқардай, алты басты айдаһар, қайраты қара тастай, нар атандай / нар еді / нарға жүгін салғысыз, тепсе темір үзеді [сындырады]*); 12) батырлық, батылдык (*жүрегіннің түгі бар [шыққан], жүрек жұтқан, көз жоқ [көзсіз] батыр, көкжал бөрі, қас [қаса] батыр, қасқыр жүректі, мыңға жалғыз болмайтын, өр жігіт, сайып қыран, бөрі бет батылды*); 13) өткірлік, шешендік (*алмас тілді, аузы епті, аузымен құс [құс құйрығын] тістеген / аузымен құс ілген, аузының желі бар, ауыздыға сөз, аттыға [аяқтыға] жол бермейді / аттыға сөз, жаяуға жол бермейді (көкбет, долы, ешкімнің айтқанына көнбейтін адам жайында да айтылады), буынсыз [сүйексіз] тіл, қаламы өткір, орақ ауыз [ауызды] / от ауыз [ауызды] / от тісті [тілді], орақ ауызды [тісті], өткір тіл [-ді], су [судай] жорға / су төгілмес [суырдан су төгілмес] жорға, су жұқпас шешен, топ жарған шешен / топтан озған ділмар; топтан торай шалдырмас [бермейтін], тілге жүйрік, тілге ұста, тілі мірдің оғындай / тілі өткір [зәрдей, удай]*); 14) ақылдылық (*алтын басты еркек [әйел], өресі биік [жоғары, төмен], іші — алтын, сырты — күміс*); 15) айбарлылық, қуаттылық (*атан жілік, арқар мүйіз*); 16) сырға берік, сөзшен емес (*аузы ауыр / аузына берік [ие], сырға берік*); 17) жомарттық (*қолы ашық [жазық], пейілі кең, дүниеге кең*); 19) тиянақтылық (*ісіне мығым*); 20) тұрақтылық, уәдеге беріктік (*екі сөз жоқ*); 21) төзімділік (*жаны сірі / жаны сіріден жаралған екен / жаны сіріден берік екен / жаны сірідей / жаны темірден жаралған; жылқы мінезді, көк желке, қайыспас қайсар, табаны алты қарыс*); 22) қайраттылық (*жараған бурадай / жараған бурадай қылышдайды, қылыштай [қылыштың жүзіндей] қылышдаған*); 21) мейірімділік (*жүзі [өңі] жылы, жылы жүрек*); 22) бауырмалдық, кеңкейілділік (*кең қолтық, кең есік*); 23) байқампаздық, аңғарғыштық (*қабак танығыш*); 24) ептілік (*қолы жүйрік*); 25) адалдық (*ешкімнің ала жібін аттамау, судан тұнық, сүттен ақ*); 26) талаптылық, пысықтық (*талағының [талағында] биті бар, талабы таудай*); 27) тапқырлық (*тоғыз қырлы, тоқсан [бір] сырлы*); 28) турашылдық (*тік сөзді*); 29) сабырлылық (*етінен ет кесіп алып жатса да мыңқ етпеу / етінен ет кесіп алып жатса да былқ етпеу*).

3. Адам бойындағы екіжақты қасиеттерді сипаттайтын фразеологизмдер. Бұл топқа бейтарап мәнді фразеологизмдер кіреді, яғни мұндай фразеологизмдердің нақты оң не теріс бағалауыш мәні жоқ. 1) аңқаулық (*бала мінез, мәми [мәби] ауыз*); 2) жуастық, момындық (*қой аузынан шөп алмайды / қойдай жуас / қойдан қоңыр / қойдан қоңыр, жылқыдан торы / қой мінез; салпаң құлақ; тойған қозыдай*);

Бейтарап мәнді фразеологизмдердің тілде нақты оң не теріс мәнде жұмсалуды контексте анықталады. Мысалы, *Жазаң сенің — қойдан қоңыр мінезің, Әлдекімге артық болдың бір өзің. Өмірге сен өгей болып туғансың, Туған күні-ақ жаспен бетті жуғансың* (С. Бегалин) деген өлең жолдарында *қойдан қоңыр мінез* теріс мәнде, адамға берілген жаза ретінде жұмсалған.

Қорытынды

Адами қасиеттерді білдіретін фразеологизмдерді топтау барысында байқағанымыз, қазақ тілінде теріс бағалауыш мәнді фразеологизмдерге қарағанда оң бағалауыш мәндегі фразеологизмдер көп. Сонымен қатар адам бойындағы қасиеттердің фразеологизмдер арқылы берілуі де әрқилы. Мәселен, фразеологизмдерде өжеттік, батырлық, батылдык, шешендік, төзімділік, мықтылық, күштілік, инабаттылық, кішіпейілділік қасиеттер молынан көрініс тапса, тиянақтылық, тұрақтылық, бауырмалдық, байқампаздық, тапқырлық, турашылдық қасиеттер бірлі-екілі ғана фразеологизмдермен беріледі. Сондай-ақ, қанағатсыздық, сабырсыздық, қорқақтық, мылжыңдық, ашкөздік қасиеттерге қарағанда, тәкаппарлық, менмендік, қырсықтық, арамдық, қулық, сараңдық, мейірімсіздік, қызғаншақтық қасиеттерді бейнелейтін теріс бағалауыш мәндегі фразеологизмдер мол.

Әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыруда фразеология саласының үлесі зор. Фразеологизмдердің семантикасынан ұлттың мәдени болмысы мен ойлау жүйесін, қоршаған дүниені қабылдаудағы ұлттың менталдық ерекшелігін, қазақ халқының салт-дәстүрін айқын аңғаруға болады. Тілдік деректерден түйгеніміз, адами қасиеттерді беруде тіліміздің сөздік қабатын құрайтын фразеологизмдердің алар орны орасан. Олар адам бойындағы жағымды-жағымсыз қасиеттерді көркем, бейнелі түрде жеткізеді, әрі олардың экспрессивті-эмоционалдық мәні жоғары. Тілде адами қасиеттерді беруде фразеологизмдердің қолданысының өзіндік орны, маңызы бар. Талдау барысында байқағанымыздай, фразеологизмдер адам бойындағы қасиеттерді бейнелеуде оң, теріс және бейтарап бағалаушы мәнге ие. Оң бағалаушы мәнде жұмсалатын өжеттік, батырлық, батылдық, шешендік, төзімділік, мықтылық, күштілік, инабаттылық, кішіпейілділік сынды қасиеттерді білдіретін фразеологизмдер мен теріс бағалаушы мәнде жұмсалатын тәкаппарлық, менмендік, қырсықтық, арамдық, қулық, сараңдық, мейірімсіздік, қызғаншақтық қасиеттерді бейнелейтін фразеологизмдердің үлесі зор. Ал тиянақтылық, тұрақтылық, бауырмалдық, байқампаздық, тапқырлық, турашылдық сияқты жағымды қасиеттер мен қанағатсыздық, сабырсыздық, қорқақтық, мылжындық, ашкөздік сынды қасиеттерді білдіретін оң және теріс бағалаушы мәнді фразеологизмдердің саны аз. Бейтарап бағалаушы мәнді фразеологизмдер тілде тіпті аз мөлшерде кездеседі, ал олардың нақты оң не теріс бағалаушы мәнде жұмсалуды контекстке қатысты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері / Г. Смағұлова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 193 б.
- 2 Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас. ред. Б.Ө. Жақып. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. — 624 б.
- 3 Фразеологиялық сөздік / І. Кеңесбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 800 б.
- 4 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ө. Айтбаев. — Алматы: Арыс, 2007. — 23 б.
- 5 Қосымова Г. Қазақ эпосындағы тұрақты сөз тіркестері / Г. Қосымова. — Алматы: Рауан, 1997. — 80 б.
- 6 Алефиренко Н.Ф. Фразеология в свете современных лингвистических парадигм / Н.Ф. Алефиренко. — М.: Эллис, 2008. — 271 с.
- 7 Байсултанов Д.Б. Экспрессивно-стилистическая характеристика фразеологизмов в чеченском языке: дис... д-ра филол. наук: 10.02.09 – «Кавказские языки» / Дауд Бобаевич Байсултанов. — Лейден, 2006. — 495 с.
- 8 Эстебесова П.С. Анималистические фразеологизмы, выражающие внешнее качество человека, кыргызского и турецкого языков / П.С. Эстебесова // Науч. журн. «Апробация». — 2016. — № 3 (42). — С. 63–66.
- 9 Эрдниева Э.В. Функционирование фразеологизмов-сравнений, выражающих качества человека, в разных языках / Э.В. Эрдниева // Вестн. Калмыц. ун-та. — 2016. — № 3 (31). — С. 77–80.
- 10 Волошкина И.А. Фразеосемантическое поле «характер человека»: на материале французского языка: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.05 – «Романские языки» / Инесса Анатольевна Волошкина. — Белгород, 2009. — 22 с.
- 11 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. — 1-т. / жауапты ред. Ә.Ә. Өтебаева. — Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. — 520 б.
- 12 Ажарбекова Ә.Н., Мажитаева Ш. Адами қасиеттердің фразеологизмдер арқылы берілуі / Образование и наука XXI века: материалы XIV Междунар. науч.-теор. конф. (15–22 октября 2018 года). — Т. V. — София: БялГРАД-БГ ОДД. — 2018. — С. 19–23.

Ә.Н. Ажарбекова, Ш. Мажитаева, Ж.Д. Рапишева

Оценочный компонент фразеологизмов, обозначающих человеческие качества

Фразеологизмы в казахском языке — активная языковая единица, используемая для описания национального менталитета, нравственных качеств, чувств, эмоций, поведения человека. В современном языкознании исследование фразеологизмов с позиций антропоцентрической парадигмы является актуальным. В статье приведены различные научные мнения об экспрессивной и прагматической функциях, семантическом поле и тематических группах фразеологических единиц, а также оценочном компоненте фразеологизмов, обозначающих человеческие качества. Авторами представлено три группы фразеологизмов, характеризующих личностные качества человека, черты характера, черты лица, тело, имеющих экспрессивно-эмоциональную оценку. Материал классифицирован на внутренние семантические подгруппы фразеологизмов с отрицательной и нейтральной оценкой, выражающие положительные и отрицательные черты человека. Авторами сделан вывод относительно того, что количество фразеологизмов, обозначающих человека с

положительным оценочным компонентом, больше, чем с отрицательным оценочным компонентом, а фразеологизмов с нейтральным оценочным компонентом — наименьшее количество. Доказано, что фразеологизмы с нейтральной оценкой зависят от контекста, в котором они употребляются.

Ключевые слова: фразеологизм, фразеосемантическое поле, семантическая группа, тематическая группа, положительный, отрицательный и нейтральный оценочный компоненты, человеческие качества.

E.N. Azharbekova, Sh. Mazhitaeva, Zh.D. Rapisheva

Evaluation component of phraseologisms denoting human qualities

Phraseologisms in the Kazakh language are an active linguistic unit that is used to describe the national mentality, moral qualities, feelings, emotions, human behavior. In modern linguistics, the study of phraseological units in the anthropocentric direction is relevant. The article analyzes scientific opinions about expressive and pragmatic functions, semantic field and thematic groupological units, as well as the evaluative component of phraseological units denoting human qualities. Taking into account the peculiarities of phraseologisms characterizing a person's personal qualities, character traits, facial traits, body having expressive-emotional assessment, the author grouped them into three groups according to the value of positive, negative and neutral assessment, expressing positive and negative human traits, and classified them into internal semantic subgroups. The results of the study showed that the number of phraseological units denoting a person with a positive evaluative component is greater than with a negative evaluative component, and phraseological units with a neutral evaluative component are even smaller. It has been proved that phraseological units of neutral assessment depend on the context, and based on its meaning, they can acquire positive or negative assessments.

Keywords: phraseological unit, phraseological semantic field, semantic group, thematic group, positive, negative and neutral evaluative component, human qualities.

References

- 1 Smagulova, G. (2013). Magynalas frazeologizmderdin ulttyq-madeni aspektleri [National and cultural aspects of semantic phraseology]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 2 Zhaqyp, B.O. (Eds.). (2011). Psikhologiya: Entsiklopedialyq sozdik [Psychology: encyclopedic dictionary]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 3 Kenesbaev, I. (Eds.). (2007). Frazeologialyq sozdik [Phraseological dictionary]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 4 Aitbaev, Ó. (2007). Qazaq til biliminin maseleleri [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 5 Qosymova, G. (1997). Qazaq eposyndagy turaqty soz tirkesteri [Stable phrases in the Kazakh epic]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 6 Alefirenko, N.F. (2008). Frazeologiya v svete sovremennykh lingvisticheskikh paradigmat [Phraseology in the light of modern linguistic paradigms]. Moscow: Elpis [in Russian].
- 7 Baisultanov, D.B. (2006). Ekspressivno-stilisticheskaya kharakteristika frazeologizmov v chechenskom yazyke [Expressive and stylistic characteristics of phraseological units in the Chechen language]. Candidate's thesis. Leiden [in Russian].
- 8 Estebesova, P.S. (2016). Animalisticheskie frazeologizmy, vyrazhaiushchie vneshnee kachestvo cheloveka, kyrgyzskogo i turetskogo yazykov [Animalistic phraseological units that express the external quality of a person, Kyrgyz and Turkish languages]. Nauchnyi zhurnal «Aprobatsiya» — Scientific journal «Approbation», 3 (42), 63–66 [in Russian].
- 9 Erdnieva, E.V. (2016). Funktsionirovaniye frazeologizmov-sravneniya, vyrazhaiushchikh kachestva cheloveka, v raznykh yazykakh [Functioning of phraseological units-comparisons that express human qualities in different languages]. Vestnik Kalmytskogo universiteta — Bulletin of the Kalmyk University, 3(31), 77–80 [in Russian].
- 10 Voloshkina, I.A. (2009). Frazeosemanticheskoe pole «kharakter cheloveka»: na materiale frantsuzskogo yazyka [Phraseosemantic field «human character»: on the material of the French language]. Candidate's thesis. Belgorod [in Russian].
- 11 Qaidar, A. (2014). Gylymdagy gumyr. Maqalalar, baıandamalar zhinagy [Life in science. Collection of articles and reports]. (Vol. 1). E.A. Utebaeva (Eds.). Almaty: «Sardar» baspa uıy [in Kazakh].
- 12 Azharbekova, E.N., Mazhitaeva Sh. (2018). Adami qasiyterdin frazeologizmder arqyly berilui [Transfer of human qualities through phraseological units]. Education and science of the XXI century Obrazovanie i nauka XXI veka 2018: XIV Mezhdunarodnaia nauchno-teoreticheskaya konferentsiya (15–22 oktiabria 2008 goda) — XIV International scientific and theoretical conference. (pp. 19–23). Sofia: Bial GRAD-BG ODD [in Kazakh].